

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Павлодар облысы Шарбақты ауданы Шарбақты ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 28 желтоқсандағы № 1-03/6 шешімі

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 19 бабына және 69 бабының 4 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына сәйкес, Шарбақты ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына телефон кабель кәріз құбырын орналастыру және қызмет көрсету үшін ету үшін жер учаскелерін алып қоймастан, жалпы алаңы 0,8500 гектар Шарбақты ауылдық округінің Шарбақты ауылы елді мекендерінің жерлерінде 49 (қырық тоғыз) жыл мерзімге осы шешімнің қосымшасына сәйкес қауымдық сервитут белгіленсін.

2. Кабельдік кәрізді орналастыру және қызмет көрсету мақсатында жер учаскесін пайдаланған кезде "Қазақтелеком" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтасын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Кожимов

Шарбақты ауылдық
округі әкімінің шешіміне
2024 жылғы 28 қарашадағы
№ 1-03/6 қосымша

Телефон (кабель) кәріз құбырын төсеу және пайдалану ету үшін Шарбақты ауылдық округінің Шарбақты ауылы елді мекендерінің жерлерінде белгіленген жер учаскелерінің қауымдық сервитуты

№	Жер учаскесінің орналасқан жері	Қауымдық сервитутпен белгіленген жерлер, жалпы гектар	Жер санаты	Оның ішінде:			
				егістік (гектар)	(Шабандық (гектар)	жайылым (гектар)	(басқалар
1	Шарбақты ауылы	0,8500	елді мекендердің жерлері				0,8500
Барлығы		0,8500					0,8500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК